

Перспективалық жоспарында балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындау талапқа сай қарастырылды.

Материалдық-техникалық және әлеуметтік базасы

ЖШС «Мирсел» бөбекжай №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымында балаларды оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі.

Балабақшада дене тәрбиесі мен музыка залы біріктірілген, сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинеттері талапқа сай жабдықталған.

Суреттер:

—меңгеруші, әдіскер, мед. кабинет



Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видео, музыка орталығымен жабдықталған. Балабақшада 2 компьютер, 1 принтер, 1 сканер, 1 ксерокс көшірме, 1 ламинат аппараты бар. Топтар парта, отырғыш, кереует, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиназдармен және сюжетті ойын бұрыштарымен жабдықталған.

Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім саласы бойынша безендірілген.

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоназытқыштар, су сүзгісі (фильтр) құралы, ауа баптағыш, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай. Жеке тұлғаны дамыту орталығы.